

ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТ Қостанай таңы

www.kostanaytany.kz



1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

e-mail: kostanaytany@mail.ru

3 маусым 2015 ж.

сәрсенбі

№60 (18269)

4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ



Асқақ елдігіміздің айрықша белгісі

Бүгін тарихымыздағы елеулі де, алтын әріппен жазылатын – Мемлекеттік рәміздер күні. Осыдан тура 23 жыл бұрын Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы заң

қабылданды. Ал 2007 жылдан бері дәл осы күн Мемлекеттік Туымыз, Елтаңбамыз бен Әнұранымыздың төл мерекесі болып аталып келеді. Елбасымыз "Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің,

біздің егемендігіміздің берік негізінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші образын білдіреді" деп бекер айтқан жоқ.

Бүгінде төрткүл дүние таныған, елдігімізді айшықтайтын мемле-

кеттік рәміздерімізге деген құрмет, азаматтық борыш қана емес ұлттық рухқа бастар құрал ретінде қабылданады.

Коллажды істеген Д.ВЛАСЕНКО.

"Үздік мемлекеттік қызметші – 2015" байқауы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті мен Мемлекеттік, банктік мекемелер және қоғамдық қызмет көрсетудің қызметшілері кәсіподағының облыстық филиалы "Үздік мемлекеттік қызметші – 2015" IX (тоғызыншы) облыстық кәсіби шеберлік байқауының өтетіндігін хабарлайды.

Байқауға қатысу үшін өтініштер мен очерктерді (эссе) **2015 жылғы 10 маусымға** дейін мына мекенжайға жолдау қажет: Қостанай қ., Гашек көш., 4, № 102 каб. немесе факс 8 (7142) 914-306.

Баспасөз – 2015

"Қостанай таңы" – сенің газетің

оған 2015 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Сейсенбі, сәрсенбі күндері 12 беттен, жұмада екі рет 16 бет, екі рет "Ақшам" қосымшасымен 24 бет болып шығады. Сәрсенбі, жұма күндері басылым түрлі-түсті болып басылады. "Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы жыл басынан өзгеріссіз қалады, яғни:

– жеке оқырмандарға жазылу бағасы: 6 айға – 1900 теңге.
– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін: 6 айға – 2100 теңге.
– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін: 6 айға – 1750 теңге.
"Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта" бө-



лімшелерінде және аймақтық "Kostanayskie novosti" газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.

Қостанай қаласы бойынша газеттің индексі:
– жеке оқырмандар үшін – 54679
– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54680

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54681
Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:
– жеке оқырмандар үшін – 54682
– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54683
– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54684

100
80
60
40

100
80
60
40

100
80
60
40

100
80
60
40

Синий
Красный
Желтый
Черный

● ТАҒАЙЫНДАУ

Нұрлыбек Мәлелов –
басқарма төрағасы

2015 жылғы 28 мамырдағы Жалғыз Акционердің шешімімен және Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасы болып Мәлелов Нұрлыбек Төлебайұлы тағайындалды.

Холдинг ұжымына жаңа басшыны таныстыру барысында Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков Мәлелов Нұрлыбек Төлебайұлының қаржылық институттарда, сонымен қатар «ҚазАгро» Холдингінің құрылымдарында жұмыс істеудің үлкен тәжірибесі бар екендігін атап өтті. Министрдің сөзіне сәйкес бүгінгі күні Холдинг пен оның жаңа басшысының алдында үлкен тапсырмалар тұр. Оның ішінде – 2011-2020 жылдарға «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ даму Стратегиясына еншілес компаниялардың қызметін оңтайландыру мен оның орындалуын бағалауды ескере отырып өзгерістер енгізу.

Мәлелов Нұрлыбек Төлебайұлы 1971 жылдың 17 қыркүйегінде Торғай облысында дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік университеті экономика факультетінде білім алған.

– Еңбек қызметін 1995 жылы «Тұран Банкінде» бастаған. Әр жылдарда «АТФ Банк» ААҚ, «ASTANA CAPITAL Investment Group» ЖШС басшы қызметтерінде болған.

– 2009 жылдан бері «ҚазАгро» Холдингі жүйесінде қызмет етуде: «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы.

– 2015 жылдың мамыр айынан «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы қызметіне тағайындалды.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

«ҚазАгро» АҚ баспасөз қызметі.



Құптарлық бастама

ҚМДБ-ның төрағасы, Бас Муфти Ержан қажы Малғажыұлы хазреттің биылғы Рамазан айы қарсаңында мұсылман халқына жолдаған Жолдауы, әрине, ел құптарлық үлкен бастама. Еліміздің Дін басшысы ретінде, Бас Муфтиіміздің осы аз уақыттың ішінде жасаған еңбегі елдің назарына ілікті. Сондықтан мұсылман қауымының ежелден қамқоршысына айналған Рамазан айында да осындай ізгі амалдар жасап, Жаратқанның ризашылығына бөленейік деген үндеуіне үн қосу біздер үшін үлкен мәртебе деп білемін. Осы орайда Қостанай қалалық мешітінің де жасап жатқан еңбегіне тоқталғанды жөн деп санаймын. Былтырғы Рамазан айында мешіттің жасаған игілікті істеріне куә болдық. Отыз күн оразада мұсылман қауымының ауыз ашарына қызмет жасалды.

**Кәмшат ДӨНЕНБАЕВА,
Социалистік Еңбек ері.**

24209 талон – хабарлама
берілді

ҚР Бас прокуратурасының бастамасымен 2013 жылдың наурыз айынан бастап «Ақпараттық сервис» электрондық жобасы енгізілді. Ол арқылы ішкі істер органдарына жүгінген азаматтар өз өтініші бойынша қандай шешім қабылданғанын біле алады. Жыл басынан бері облыс азаматтарына 24209 талон-хабарлама берілді. Талонда «Ақпараттық сервистің» электрондық мекенжайы көрсетілген: <http://service.pravstat.kz>. Берілген талонның 15 белгілік нөмірін көрсетіп, толық ақпарат алуға болады. Бұл іс күрделі емес, әрі уақыт та аз кетеді. Сонымен қатар, өтініш беруші полицияға сенім деңгейін анықтайтын социологиялық сауалнамаға қатыса алады.

Мүгедек балаға да
оқу керек

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

Қазіргі уақытта мүгедектер үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау баршылық. Жергілікті басқармалар да әлеуметтік-мемлекеттік тапсырыс аясында түрлі іс-шаралар өткізуде. Соның бір парасы ретінде «Үміт-Надежда» қоғамдық бірлестігінің семинар-тренингін айтуға болатындай. Мүгедектердің қоғамда белсенділігін арттыру мақсатында «Үміт-Надежда» ҚБ Қарасу, Сарыкөл аудандарын аралап, кездесулер ұйымдастырды. Мұндай кездесулерде мүгедектердің мәселелері де айтылды. Мәселен, облыс орталығынан шалғайда жатқан ауылдарда мүгедек жастардың білім алуы қиындық тудырып отыр.

– Ауылдарда мүгедек балалардың білім алуына жағдай жасалмаған. Олар үшін арнайы бағдарлама керек сияқты. Нәтижесінде қаншама жас оқусыз жүр. Бұл үлкен мәселе, – дейді «Үміт-Надежда» ҚБ-нің төрағасы Дүйсенғали Оспанов.

● БОЛАШАҚҚА 100 ҚАДАМ

Жастардың жүз қадамы
Елбасымен бірге

**Айтолқын
АЙҚАДАМОВА**

Рудный индустриялық институтының ректоры А.Б.Найзабеков, проректоры Ж.Т.Алпысбаев, М.Л.Сансызбаева Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.Сапарбаевтың төрағалығымен өткен «5 институционалды реформаны жүзеге асырудың 100 қадамы» атты кеңеске қатысып қайтты.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев өз сөзінде, бүгінгі таңда жастардың үкіметтік емес ұйымдары – патриоттық тәрбиеге жұмылдыратын нақты қолдау, Қазақстан халқының төрттен бірі мен мемлекеттік билік органдары арасындағы делдал болып, өз кезегінде ерекше назар мен қолдауды қажет етеді. Сондай-ақ жастардың үкіметтік емес ұйымдарын Ұлт жоспары «5 институционалды реформаны жүзеге асырудың 100 қадамын» белсенді іске асыру жұмысына қатысуға шақырды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі А.Сәрінжіпов білім беру ұйымдары қызметін жақсарту мәселелері, жастардың мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыру тақырыбында сөз сөйледі.

«Қазақстанның Азаматтық Альянсы» Заңды тұлғалар



бірлестігінің президенті Н.Ерімбетов, «Өрлеу» Ұлттық орталығы» директорлар Кеңесінің төрағасы М.Әбенев Ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы азаматтық қоғамның рөлі және «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» атты әлеуметтік жобаны іске асыру жолдарын айтып өтті. Республикалық

жастар ұйымдарының өкілдері 5 институционалды реформаны жүзеге асыру бағытында қатысушыларға кездесу жобасының тұсаукесерін ұсынды.

Кеңес қорытындысы бойынша тиісті мемлекеттік органдар мен жоғары оқу орындарына тапсырмалар беріліп, ол бойынша РИИ жұмысты бастап кетті.

Кемел келешекке қадам

Бұған дейін өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында 5 халықтық реформаны орындаудың тетіктерін Нұрсұлтан Назарбаев атап өтті. Бұл «100 қадам» деп аталатын құжат бағдарламаны жүзеге асырудың жоспары.

Президент: «Біз халықтың, биліктің психологиясын өзгертейік деп отырмыз. Жұмыс оңай емес. Бұрын-соңды жасалмаған жұмыс. Бағдарламаны орындау арқылы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі артады. Бұл үшін 5 салада 100 нақты қадам жасалды» деген болатын. Осы жөнінде облыстық ТЖД өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі бағдарламаны талқыға салды. Бағдарлама аясында облыстық ТЖД өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі басшысы М.Жүсіпов



дәріс сабағын өткізді.

– «100 нақты қадам – бұл бес реформаны жүзеге асыру жоспары, бұған біздің әрқайсымыз үлес қосуымыз керек. Бұл реформалар – жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап» – деді М.Жүсіпов. Одан әрі әрбір

реформа жан-жақты түсіндірілді. Әсіресе, бірінші кәсіби мемлекеттік аппарат құру бойынша реформаға айрықша тоқталды.

Облыстық ТЖД өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің баспасөз хатшысы.

ҰБТ басталды

**Гүлназым
САҒИТОВА**

2015 жылғы 2 маусымда еліміз бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеу басталды. Біздің облысымызда мектеп бітіруші оқушылар 3 маусым күні тапсырады. Үстіміздегі жылғы республикамызда мектеп бітіретін 120 мың түлектің сексен жеті мыңнан астамы емтиханға қатысады деп жоспарланған, пайызға шаққанда жалпы түлектер санының 71 пайызы. Олардың ішінде қазақ тілді оқушылар саны – 62 мыңнан асады, ал 25 мыңы – орыс тілді. Оқушылардың қолайлы жағдайда емтихан тапсыруы үшін қосымша тағы да он тестілеу пункті ашылды.

Астана қаласының тест тапсыру пунктерінің бірінде болған ҚР Білім және ғылым министрі А.Сәрінжіпов тестілеу тапсыратын түлектерге

сәттілік тіледі.

– Жыл сайын ҰБТ-ға бюджеттен 1 млрд. теңгеге жуық қаражат бөлінеді. Биыл да шамамен осындай қаржы бөлінді. Биыл ҰБТ біраз өзгерістер болды. ҰБТ мен аттестаттың жылдық орташа бағасын есептейтін боламыз. Сынақ нәтижелерін сайттан ЖСН арқылы білуге болады, – деді министр.

Білім министрінің айтуынша, ҰБТ сұрақтарының жиырма мыңы жаңартылды, оның басым бөлігі логикалық сұрақтар. 2016 жылы ҰБТ-ға функционалды сауаттылықты анықтау мақсатында жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша тапсырмалар енгізілетін болады.

Айта кету керек, биыл 12 жылдық оқу бағдарламасымен мектеп бітірген оқушылар алғаш рет ҰБТ-ға қатысады. Түлектерге үлкен өмірге жолдама беретін Ұлттық бірыңғай тест 2-8 маусым аралығында өтеді.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

Мұнайлы елім, МҰҢАЙМА!

Жұматай
КӨКІМЖАНОВ

Елімізде бензин бағасы тағы да бұйдасын үзді. Үстіміздегі жылдың ақпан айында ғана 99 теңгеге түсіп, дүйім жұртты қуантқан АИ-92 октанды бензин – психологиялық барьерді бұзып, бірден 9 теңгеге көтерілді. 2014 жылдың жазында 115 теңгеге тұрақтаған жанар-жағармай бағасы Көдендік Одақ күшіне мінген кезде, жұмыр жер бетіндегі елдер көршімізді қаржылық қысымға алған тұста төмендей бастаған еді. Жасырып қайтеміз, Ресейдің рублі құнсызданып, тауарларының екі есе арзандауының нәтижесінде, біздегі баға бір межеге тоқталған еді. Енді міне, көрші елдің қаржысы тұрақтанып, жағдайы түзелгені осы еді, «біздің жақ» қайтадан ескі әніне салып, бағаны біртіндеп көтеруге кірісті.

Біз, бензинді 128 теңгеден де алып келгенбіз. Көнбіс халықпыз ғой, жағдайды түсіндірсе одан да зорғысына мойын сұнармыз... Тек, еркін экономикалық аймақты қалыптастыру кезеңінде тауар бағасын көршілерімізбен тең ұстамай, құнын көтеруімізге не себеп болды? Осыны саралап көрелік...

26 мамыр. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Мұнай өнімдерінің жеке-леген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» бұйрығы жарияланды. Құжатта «Бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген бөлшек саудада өткізілетін мұнай өнімдеріне шекті бағалар қосымша құн салығын қоса есептегенде: дизель отыны 1 литр үшін 99 теңге; АИ-80 – 89 теңге; АИ-92/93 – 108 теңгеге теңестірілді», – делінген. Еліміздің жетекші басылымдарына түсініктеме берген Мұнай өнеркәсібінің дамуы департаментінің директоры Қуандық



Құлмырзиннің айтуынша, бағаны бұлай өсіру мұнайдың әлемдік бағамымен байланысты.

– Мұнай бағасының 60-65 АҚШ доллар шамасында екенін ескеріп, есеп жүргізсек және ағымдық заңнаманың формуласына салсақ, бензин литрінің құны 108 теңгенің көлемінде болуы тиіс. Бұл, сәйкесінше, теңгенің долларға шаққандағы курсына байланысты. Бәрі заң жүзінде жүргізілуде, – дейді ол. Осы ақпарат жарияланысымен, еліміздегі жанар-жағар май құю бекеттері бір-бірімен жарыса өнімдерінің құнын көтере бастады. Тек, ресейлік «Эталон» ЖҚС ғана ескі бағаны екі күн ұстап, 28-ші мамырда бәсекелестерімен деңгейлестірді.

Біздің баға – көрші елдерге бағынышты. Олай дейтініміз, еркін экономикалық жүйемен жұмыс істеудің тәсілі осы. Көдендік Одақ құрып, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге талпынып жатқан қазақ елінің тауары да, құны да өзгелермен деңгейлес болуы тиіс. Көрші елдің қаржысы құлдырағанда, тауарымыздың бағасы төмен түсті. Күшіне мінген екен (оған да көңіңіз), бізде де өзгеріс болады. Қозғалысымызға қажетті мұнай бағасы да, бір сатыда тұрмақ. Еркін экономика осыны талап етеді.

Жалпы алғанда, әлемдегі мұнай бағасы әлі де тұрақсыз. Былтырғы жылдың соңында бастау алған құлдырау – әлі шегіне жеткен жоқ. Тек, соңғы күндері ғана, қара алтынның құны 62 АҚШ долларына табан тіреді. Ал, мамыр айының соңында 0,2-0,3 АҚШ долларына көтерілді. Әлемдік сарапшылардың пайымдауынша, қазіргі таңда мұнай бағасы АҚШ долларына тәуелді болып отыр. Американың қаржысы құлдыраған сайын, қара алтынның да қадірі кете бермек. Жыл аяғына дейін мұнай бағасы 55-58 АҚШ долларына дейін түседі деген болжам бар.

Осыған қарамастан, Қазақстандағы жанар-жағармай әлі де көтерілуі ықтимал. Қазақстан кедендік брокерлер Ассоциациясы төрағасы Геннадий Шестаков деген білгіштің пайымдауынша, күзге таман АИ-92 маркалы бензині 140 теңгеге көтерілуі мүмкін. Бағаның өсіміне тағы да көршілерімізді кінәлауға тура келеді. Олай дейтініміз, Қытаймен сауда-саттығын жандандырып жатқан Ресейдің экономикасына рең кіруі тиіс. Державалық екі елдің экономикалық қатынасы қазақ еліне де күш берері анық. Тек, ол кезде бензин бағасын бұйдалауға бола ма, жоқ па?! Ол жағы белгісіз...

Тобыл Торғай Тынысы



Жаңа балабақша ашылады

Қостанай қ. «Ақ желкен» жаңа балабақшасы ресми түрде маусым айында ашылады. Әзірге бұл жерде бес топ жұмыс істеп жатыр. 270 орынға шақталған балабақша Герцен көшесіндегі бұрынғы қалалық әскери комиссариат ғимаратында орналасқан. Бюджет қаражатынан балабақшаны қалпына келтіруге мүмкіндік болмағандықтан, ғимаратты қостанайлық кәсіпкер игеріп отыр.

Діни ағымдар туралы

Ұзынкөл. Аудандық ақпараттық-насихаттық топ «Қауіпті радикалды діни ағымдар туралы» тақырыппен селолық округтерді аралауда. Ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері мемлекеттік ұйымдар мен мектептерде тұрғындармен кездесіп, «Қазақстан Республикасындағы жалған діни ағымдар», «Жастар және Қазақстандағы дәстүрлі емес конфессиялар» тақырыптарда әңгіме өткізді.

Ажал айтып келмейді

Арқалық. Аңғар ауылында жасөспірім айтып келмейтін апаттың құрбаны болды. Арқалық қалалық төтенше жағдайлар бөлімінің хабарлауынша, 12 жастағы бала ауыл шетіндегі су қоймасына түсіп, ажал құшқан. Ол осы ауылдағы мектепте әжесінің қолында тұрып оқиды екен. Анасы Астана қаласында тұрады. Баланың суға шомылғанда, қауіпсіздік шараларын сақтамағаны белгілі болды.

«Қас қағым сәт»

Облыста. Көркемсурет галереясында ҚР Суретшілер одағының мүшесі Н. Халифаеваның «Қас қағым сәт» атты дербес көрмесі ашылды. Көрмеге 60-тан астам пейзаж бен натюрморт ұсынылды. Оның шығармаларынан туған өлкенің ұлылығы мен сұлулығын көруге болады. Суретші үшін ең басты қағида қас қағым сәтті шынайы сезіммен бейнелеу. Көрмеге келгендер рухани демалып, өмірдің тамаша сәттеріне зер салды.

Көшпелі көрме ұйымдастырылды

Қостанай қ. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайында көбелек көрмесі ашылды. Мұнда Индонезия мен Филиппиннен жеткізілген жәндіктердің 12 түрін тамашалауға болады. Көбелектердің көшпелі көрмесі осымен 5 жыл бойына еліміздің қалаларын аралап келеді. «Алдағы уақытта құстар мен балықтар көрмесін ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз», – дейді көрме әкімшісі Гаухар Бахытжанова.

Боксшы қыз алтын алды

Қарабалық. Аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушісі Надежда Рябец бокстан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында топ жарды. Ауданның спорт саласында Надежда көш бастап, алтын медаль алды. Бұл үлкен көрсеткіш. Себебі спорт сайысына әлемнің 46 елінен спортшылар қатысты. Аталмыш чемпионат Қытайдың Тайбэй қаласында өткен болатын. Дәрежелі додада 22 спортшы Қазақстанның намысын қорғады. Нәтижесінде Ұлттық құраманың қоржыны он екі медальмен толықты.

Жас саяхатшыларымыз – жеңімпаз!

Лисаков. Тобыл өзенінің бойында облыстық саяхатшылардың жазғы спартакиадасы өтті. Оған қалалар мен аудандардан мектеп оқушылары мен колледж студенттерінен құралған 10 команда қатысты. Қатысушылар «Бөгет өткелі», «Байламдар» және «Құтқару жұмыстары» бойынша сынға түсті. Айтулы шарада Сарыкөл ауданынан келген Тимирязев орта мектебінің оқушылары жүлделі бірінші орынды жеңіп алды.

● ӘТТЕГЕН-АЙ!

Басы «жарылған» Бейімбет

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Таран ауданы жазушы Бейімбет Майлиннің туған жері. Ауданға қарасты Красносельский ауылы Бейімбет атында болған екен бұрын. Осыған орай ауыл шетінде жазушының құрметіне бюст тұрғызылған. Ескерткіштің болғаны жақсы ғой. Бірақ, оның жайы тым мүшкіл. Бейімбеттің басы «жарылып», жан-жағы қараусыз қалған. Сынған шөлмектерге толы. Есімін де қазақша жазу бұйырмаған екен. Айдалада қалған бір бейбақ сияқты. Әттең, осы жерге бір ауық көңіл бөлініп, көшеттер мен гүлдер отырғызылса, қандай жарасымды болар еді. Лениннің ескерткішін әлі күнге көкке көтеретіндер алаш ардақтыларын естен шығармаса дейсің. «Әттең...» демеске лажың жоқ.



● ЖАСТАР САЯСАТЫ

Бүгінде елімізде мемлекет тарапынан ел болашағы – жастарға қамқорлық көрсетіліп, әсіресе олардың кәсіптік білім алуларына ерекше жағдай жасалуда. Елбасымыз да өзінің бір Жолдауында елімізде кәсіптік және техникалық білім беру ісін өркендетті елдердегідей бір жүйеге келтіріп, бұл бағыттағы мамандарды даярлайтын уақыттың жеткендігін айтқан еді. Біздің Қостанай облысында да кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға жеткілікті деңгейде көңіл бөлініп келеді. Қазіргі күні облыс бойынша жиырмаға жуық кәсіптік-техникалық білім ордасы жұмыс істеуде. Соның ішінде Әуликөл ауданындағы ауыл шаруашылығы (бұрынғы №4 кәсіптік лицей) колледжін алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі деуге әбден болады. Елбасы тапсырмасына орай, мұнда да заман талабына сай техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту бағытында біраз игілікті істер тындырылуда.



Жас түлектердің ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

Қарлығаш ОСПАНОВА

Еліміздің кәсіби білім беру саласына өзіндік үлес қосып қана қоймай, кәсіби білімнің киелі шаңырағына айналған бұл білім ордасы алғашында Әуликөл кәсіптік-техникалық училищесі, кейін кәсіптік лицей, ал бүгінде ауыл шаруашылығы колледжі ретінде жұмыс істеуде. Оқу ордасының тарихына әрірек көз жүгіртсек, 1938 жылы мал шаруашылығы мамандарын дайындайтын арнайы мектеп болған көрінеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында кәсіптік мектеп Аманкелді, Жанкелдин аудандарын мамандармен қамтамасыз етіп тұрған. Қостанайдағы агротехникалық колледждің филиалы есебінде білім берген бұл оқу ордасы 2006 жылы кәсіптік мектеп ретінде жеке бөлініп шығады да, қажетті мамандықтар бойынша білім бере бастайды. Бүгінгі таңда колледжде студенттер ауыл шаруашылығы өндірісінің шебері (тракторист-машинист), аспазшы, құрылысшы, бухгалтер, электрик және электргаздәнекерлеуші сияқты мамандықтар бойынша білім алуда. Сондай-ақ, колледж қабырғасында жүргізушілік пен аспаздыққа үйрететін арнайы ақылы үш айлық курстар да бар.

Білім ошағының материалдық-техникалық базасы да айтарлықтай жабдықталған, әр мамандыққа арналған әрі қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген бес зертхана мен бір шеберхана, 25 пән кабинеті мен арнайы компьютер сыныбы жұмыс істейді. Колледждің өндірістік оқытуға арналған өз ауылшаруашылық техникалары да бар. Жаттығуға ыңғайлы оқу полигонында оқушылардың осы техникалармен жаттығып, дайындалуына да мүмкіндік жасалған. Сексен орындық жатақхана мен 160 орындық асхана да қазіргі заманға сай етіп жөнделген. Оқу тегін әрі тұрмысы төмен отбасынан шыққан балалардың тегін тамақтануына да жағдай жасалған, осындай 124 бала тегін тамақтанса, соның 24-і жетім балалар екен. Дегенмен, колледж басшылығы бүгінде 408 бала білім алатын білім ошағына сек-



сен орындық жатақхананың тарлық етіп отырғандығын да жасырмайды. Сондай-ақ, осы күні колледж ғимараты күрделі жөндеуді де қажет етіп отырған көрінеді.

Бірақ, соған қарамастан оқу ордасының мамандары өз шәкірттеріне сапалы білім беріп, олардың өмірде білікті маман атануы жолында тер төгуден жалыққан емес.

Қазіргі күні заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс та жоғары. Әсіресе, осы күні кәсіптік-техникалық білім алғандардың айы оңынан туып тұр десек артық айтқандық болмас. Жас түлектердің шеберлік мектебіне айналған бұл білім ордасын тәмамдағандардың 95 пайызы жұмыссыз қалмайтын көрінеді.

– Бүгінгі таңда әсіресе өндіріс орындарында жұмысшы мамандардың жеткіліксіздігі әлі де байқалады. Сондықтан да, қазір кәсіптік-техникалық білім алған мамандарға деген сұраныс өте жоғары. Жасыратыны жоқ, сонау нарық жылдары қаншама осындай кәсіптік білім беретін оқу орындары күйзеліске ұшырап, қаншамасы жабылып қалды. Құдайға шүкір, қазір сол өшкен білім ошақтары қайта қалпына келтіріліп, бүгінде қаншама ауыл баласының өмірде өз жолдарын табуына жол ашуда. Мақтанғанымыз емес, біздің колледжді өңірдегі осындай кәсіптік білім беретін оқу орындарының ішіндегі алдыңғы қатарлысы деп ауыз толтырып айта аламыз. Сондықтан да болар, бізде тек Әуликөл ауданынан ғана емес, Науырзым, Октябрь, Аманкелді, Жанкелдин сияқты облыстың әр өңірінен оқып жатқан балалар жетерлік. Тіпті, Шымкент өңірінен келіп, білім алып жатқан балалар да бар. Жалпы, біздің оқу орнында қазіргі заманға сай мамандық бойынша жұмыс істегісі келетін әр адамның білім алуына мүмкіндік бар, – дейді колледж директоры Альмира Жансүгірова.

Түлектердің жұмыссыз қалмайтынының өзіндік сыры да бар екен. Оқу ордасы аудандағы әлеуметтік сала орындарымен, кәсіпкерлермен келісім-шартқа отырып,

сол бойынша студенттер тәжірибеден өтеді. Болашақ мамандарды дайындауда оқу үрдісін өндіріспен ұштастыру колледждің басты мәселесі десек те болады. Өйткені, оқу орындары мен өндірістік кәсіпорындар арасындағы байланыссыз мамандарды даярлау мүмкін еместігін колледж басшылығы жақсы біледі. Осы тұрғыда білім ордасы аудандағы "Аман-Тірсек", "ИНСПЭК", "Диев", "Черниговское", "Агро-Тимофеевка" сияқты іргелі серіктестіктермен, басқа да шаруа қожалықтарымен, жеке кәсіпкерлермен тығыз байланыста жұмыс істеуде. Әсіресе, көктемгі егіс пен күзгі орақ кезінде осы шаруашылықтардан колледж студенттеріне сұраныс көп түседі екен. Студенттер тәжірибеден өтіп қана қоймайды, оларға шаруашылық басшылары еңбекақы да төлейді. Бүгінде білім ордасы дуалды жүйе бойынша да білім беруді жетілдіруді көздейді.

Жалпы, оқу ордасының бір ерекшелігі десек те болар, іргетасы қаланған жылдардан бері талай жетістіктерді бағындырып келеді. Мәселен, сонау 1971 жылы училищеге Қазақстан Ленин комсомолы атағы берілсе, екі рет КСРО Халық шаруашылық жетістіктері көрмесіне қатысып, екінші орынды иеленген көрінеді. Ал, 1976 жылы Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанса, 1977 жылы Бүкіл Одақтық Құрмет грамотасымен марапатталғандығы бүгінгі колледж ұжымы үшін де зор мақтаныш саналады. Білім ордасының бертіндегі жетістіктері де жетіп артылады. Жыл сайын кәсіптік лицейлер мен колледждер арасында өтетін облыстық байқауларда жүлделі орындарды бағындырып келеді. Студенттердің талай биіктерден көрінуі әрине оларды білім нөрімен сусындатып жатқан ұстаздардың арқасы, себебі, мұнда білікті де тәжірибелі мамандар еңбек етеді.

Әуликөл ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: колледж директоры А.Жансүгірова; жастар тәжірибе жинауда.

Суреттерді түсірген автор.

● АЙМАҚ



ТӨРТ ТҮЛІГІ САЙ МЕКЕН

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Көктем туысымен облысымыздың шаруалары дала жұмыстарына кірісіп кетті. Мәселен, Қарабалық ауданында астық алқабының 55%-да егістік жұмысы аяқталды. Мұндағы диқандар биыл несібіміз мол болады деп отыр. Көршілес Ресеймен қоңсылас орналасқан ауданда мал шаруашылығы да қарқын алды. Бұл туралы Қарабалық ауданы әкімінің ауылшаруашылығы жөніндегі орынбасары Әділбек Сарин айтып берген болатын.

– Аудандағы көктемгі дала жұмыстарына көңіл тола ма?

– Қарабалық ауданының аумағы 686,2 гектар жерді алып жатыр. Соның 474,2 мыңы ауылшаруашылығы саласына бағытталған. Биыл 280,2 мың гектар жерге егін егуді жоспарлап отырмыз. Толассыз жауған нөсерден соң жер дымқыл тартып, диқандардың жұмысын кешеуілдетіп жатқаны рас. Десек те, ауа-райының қолайсыздығына қарамастан егістік жұмыстарына дер кезінде кірістік. Шаруалар 12 мамырда егіс науқанын бастап кетті. Көктемгі дала жұмыстары былтырғы жылы да осы уақытқа тұспа тұс келген еді.

Былтыр гектарынан 12,8 центнер астық алдық. Ал, биыл одан көп аламыз деген үміт бар. Себебі, ауданда шаруа қожалықтарының саны жылма-жыл көбеюде. Қазірдің өзінде 28 ЖШС және 200-ден астам шаруашылық бар. Оның үшеуі ірі шаруашылық серіктестігі. Аталған шаруашылық иелері егін және мал шаруашылығымен айналысады.

– Мал басын көбейту және одан алынатын өнімді экспорттау мақсатында қандай шаралар жасалып жатыр?

– Елбасы Н.Ә.Назарбаев асыл тұқымды мал шаруашылығын, оның ішінде етті мал шаруашылығын дамытуды басымы бағыт ретінде қойып отыр. Ол үшін Үкімет тарапынан жан-жақты қолдау да көрсетілуде. Мәселен, «Қазагроқаржы» арқылы мемлекеттің демеу қаржысымен шаруашылық иелері асыл тұқымды, етті мал сатып алуға қол жеткізді. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан мұндай мүмкіндікті аудан халқы құр жіберіп жатқан жоқ. Өсіресе «Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасы арқылы асыл тұқымды ірі қараның санын көбейтуге баса назар аударылып жатыр. Өнімділігі төмен малдардың санын

қысқартып, асыл тұқымды малды өсірумен айналысатын мезгіл жеткен сияқты. Қазақ халқы атам заманнан бері малдың соңында жүріп, несібесін тапты емес пе. Ата кәсіпті әрі қарай жалғастыру біздің міндетіміз. Мал шаруашылығын дамыту арқылы ауыл халқын жұмыспен қамтамасыз етеміз.

Еліміздегі агроөнеркәсіп нысандарына етті бағыттағы жас малдарды өсіру үшін аналық мал мен тұқымдық бұқаларды сатып алуға несие беріліп жатыр. Аталмыш несиені беру «Сыбаға» бағдарламасы аясында жүзеге асады. Бұл несие ауыл шаруашылығында кенжелеп тұрған ірі қараның етті бағыттағы тұқым табынын көбейтуге бағытталған. Несие тек қана мал шаруашылығымен айналысатын, соның ішінде етті бағыттағы ірі қара өсіруші жеке кәсіпкерге, шаруа қожалығына, фермерлік шаруашылыққа және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге беріледі. Бұл қаржы етті бағыттағы сиырлар мен ұрықтандырушы аталық мал, яғни асыл тұқымды бұқалар алуға жұмсалып тиіс. Несие алушы берілген қаржыға тек сиырлар мен бұқаларды сатып алып қана қоймайды, оны өсіріп, өндіріп, етті бағыттағы сиырлардан тұратын табынға айналдырады немесе бордақылау алаңдарына тапсырады. Бұл бағдарламаны елді мекендердің халқы біле бермейді. Сондықтан шалғайдағы ағайынға түсіндіріп, жергілікті газетке де хабарлама берудеміз. Мал шаруашылығымен тұрақты айналысатын шаруалармен қоян-қолтық жұмыс істейміз.

«Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасы басталғалы бері ауданда 1200 бас ірі қара сатып алынды. Соның ішінде 63-і асыл тұқымды бұқа. Биыл «Сыбаға» бағдарламасы бойынша қосымша 400 бас асыл тұқымды ірі қара мал аламыз деп жоспар-

лап отырмыз.

Қарабалық ауданы көршілес Ресейдің Челябин облысымен қоңсылас орналасқан. Сондықтан біздегі ет өнімдері шекаралас жатқан Орынбор, Екатеринбург, Челябин облыстарына экспортталады.



– Осыдан төрт жыл бұрын Қарабалыққа шетелден асыл тұқымды ірі қара әкелінді. Мұхит асып жеткен ірі қара қазір төлдеген де шығар...

– Дұрыс айтасыз, «Север-Агро Н» ЖШС Австралиядан 2370 бас аналық мал және 77 бас асыл тұқымды бұқа сатып алған еді. Осы уақыт ішінде Абердин-ангус тұқымды ірі қара жерсініп, алғашқы төлдерін де беріп жатыр.

«Север-Агро Н» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 35 адамды жұмыспен

қамтып отыр. Жұмысшыларының 60%-ын жастар құрайды. Олар үлкендердің тәжірибесін алып, үйренулері керек. Жастардың жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасалған. Тұрғын үймен қамтылған. Аталмыш шаруашылық серіктестігінің бастамасымен 3 шілдеде ауданда тұңғыш рет ірі қара малдар аукционға шығарылды. Аукцион ашық түрде ағылшын әдісімен өтті. Онда үш жүз бас Абердин-Ангус тұқымды ірі қара сатылды. Соның 130-ы бұқа, 180-і қашар. Аукционға республиканың кез келген облысының азаматтары қатысқандығын атап өткен жөн. Мұндай халықаралық деңгейдегі іс-шара шаруалардың өзара тәжірибе алмасуына жол ашады. Сонымен қатар «Ақ-Бидай-Агро» ЖШС-нің базасында

бордақылау алаңы бой көтеруде. Үш мың басқа арналған алаң жоспарға сай биылғы жылы іске қосылуға тиіс. Бұл да мал шаруашылығын өркендетуге бағытталған ақжолтай жоба.

– Әңгімеңізге рахмет!

Қарабалық ауданы.

СУРЕТТЕ: Қарабалық ауданы әкімінің ауылшаруашылығы жөніндегі орынбасары Әділбек Сарин; асыл тұқымды ірі қара табыны.

Игілікті іске – кең өріс

Адам баласының тұрмыс-тірлігінде судың орнын ештеңе де ауыстыра алмасы белгілі. Өткен жылы шаруашылығымызды одан әрі өркендетуде ең бір түйінді мәселе су болды. Осы мәселеде кәсіпкер Дәурен Әбілтаев бригада мүшелерімен көп көмегін берді.

...«Ауданның елді-мекендерінде тапсырыс бергендерге айтқан жерінен жерді жарамды су көзі шыққанға дейін тиісті тереңдікте бұрғылап, арнайы ресейлік құбыр салып, су шығарып, оған тоқ көзіне қосылған айдағыш орнатып, қалаған жеріне дейін тартып береді екен» – дегенді естіген соң сол шеберлерді әдейі іздеп барып, жолығып, маған да істеп берулерін өтінген едім. Жігіттер көп ұзатпай, бас-аяғы төрт-бес сағаттың ішінде, өзім айтқандай, тап-тұйнақтай қылып істеп берді.

Қазір отбасым да, мал-жаным да – соның рақаты мен игілігін көріп отырмыз. Түймесін бассaq болды – сарқырап ағып, үйімнің

ішіне кіріп тұрған суға өзім қосымша «Аристон» қойып алып, ыстық-суық суы бар қол жуғыш шұңғылша мен қаланыкіндей кәрізімен дәретхана жасап алдым. Қыстың күндері өзенде, суы қатып қалып, мал суаруымыз өте қиын болушы еді. Қазір ол уайым-бейнеттен толық құтылды. Дәуреннің бригада-сы біздің Айтбайда менімен қатар Дәуренбек Қалиевке де осындай бұрғылы құдық қазып берді. Құстөбеде, көршілес Байғабыл ауылының Көкпектікөл, Жетібай елді-мекендерінде, сол сияқты Үріпекте, оның маңайындағы Қосжан, Ағаштыкөл ауылдарында да көптеген отбасыларға осындай су сорғыш-бұрғылы құдықтар орнатып бергенін естідік. Өткен желтоқсан айында Дәуренмен жолығып, біздің өлке үшін өте-мөте, әлі де қажет осы кәсібін одан әрі жалғастырып, тіпті кеңейтуді айтқан едім. Ол келіскендей ниет білдірді. Қараңызшы, құдықшылар өткен жылы жазғы мезгіл – төрт ай ішінде Аманкелді

өңірінде 70-ке тарта бұрғылы құдық қазып, іске қосқан екен.

Үкімет те «Таза су» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мұндай игілікті іске кең өріс, қолдау көрсетуге тиіс деп ойлаймын. Несиемен, қаржылық қолдау көрсетсе – бұл мемлекеттік түйінді мәселелерді шешуге қосылар нағыз лайықты үлес емес пе?! Ал шаруа баққан, жеке кәсіпкер адамдардың осындай жұмыстарды орындатқаннан кейін, қажетті құжаттарын толтырып, тиісті органдарға тапсырса – мемлекет тарапынан жұмсаған шығынына жартылай қаржылық қайтарым да жасайтынын білгендері жөн. Менің осы көтерген мәселеме билік және атқарушы органдардың жауапты қызметкерлері назарларын салып, көңіл аударса деген тілегім бар.

Жақсылық МЫРЗАКЕЕВ, «Жұман» шаруа қожалығының жетекшісі.

Айтбай ауылы,
Аманкелді ауданы.

Жылқы өсіру жандана түспек



Бұл сала соңғы жылдары елімізде жандана бастады. Өсіресе, кең байтақ жайылымы бар көптеген өңірлерде өркендеп келеді.

Айталық, біздің ауданымыздың ауыл шаруашылық саласына үлкен үлес қосып жүрген «Сауырбай» шаруа қожалығы жылқы өсіруді мықтап қолға алды. Аталмыш қожалық – Златоуст ауылдық округінен 5300 гектар жер алып, жылқыны 640 басқа жеткізді. Алдағы уақытта оның санын тағы 200 баспен толықтырмақ. Сондай-ақ, тек қамбар ата түлігін асылдандырып, «Құлан» бағдарламасы бойынша құлындар сатып алмақ ниетте. Қазір қожалық үш баздың құрылысын бастап та кетті. Бұл жерде бас-аяғы төрт жылқышы жұмыс істейтін болады.

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

● ҰЛЫ ЖЕҢІС – 70

Әр отбасының өз Батыры бар

Жауды жеңген атамыз,
Үлкен рақмет айтамыз.

АВТОР.

Менің атам Балғожин Бексұлтан соғысқа қатысқан. Ол 2004 жылы менің 4 жасымда өмірден өтіпті, сондықтан атам туралы деректерді ата-анамнан сұрап алдым. Ол 1908 жылы туған, ұзақ та таңғаларлық өмір сүрген, қаншама қиындық пен ауыртпалықты, соғыстың бар қайғы-қасіретін басынан кешкен. Өткен ғасырдың 20-сыншы және 30-ыншы жылдары ата-анасынан, туған-туысқандарынан айырылып, қарындасымен екеуі ғана қалыпты. Әкесі Балғожа жоғары діни сауатты кісі болыпты. Меккеге барып, қажылық парызын өтеген, медреседе балаларды оқытқан, сол үшін де өкімет тарапынан қудаланған. Соның салқыны баласы Бексұлтанды да айналып өтпепті. Жиырма жасар балаң жігіт өзінің мемлекетке қай қырымен қауіп төндіріп жүргенін түсіне алмай, дал болыпты. Оның мекен-жайына мылтық-найзалармен қаруланған сақшылар отрядын жіберіп отырыпты, бірақ қайырымды адамдардың көмегімен бір ауылдан келесі ауылға сытылып кетіп жүріпті. "Аңдыған жау алмай қоймас" дегендей, бір күні түнде үйіне кіре бергенде, арқасы мен кеудесіне қараңғыда жарқ-жүрқ еткен найзалар тақалыпты. Міне, осыдан бастап атамиз сталиндік лагерьдің не екенін біледі, ондағы топырлаған адамдардан, қауіпті кеселдерден, аштық пен суықтан тірі қалудың мүмкіндігі неғайбіл өмірді бастан кешіреді. Әйтеуір, нақты айыптау дәйектері болмағандықтан, бостандыққа шығады. Туған ауылына оралады. Колхозда жұмыс істейді, үйленеді, балалары өмірге келеді. Осы тұста соғыс басталады.

Менің Бексұлтан атам 1942 жылдың күзінде майданға шақырылды, сөйтіп жаңа жасақталған 115-атқыштар дивизиясына түседі. Жауынгерлерге Сталинградқа жауды жақындатпау үшін



тосқауыл қою керек болады. Қанша қиындық туындаса да, олар бұл міндетті асқан жауапкершілікпен орындайды.

Дивизия Сталинград түбіндегі шайқастың қайнаған ортасына түседі. Қытымыр қыстың аязды күндері еді. Азық-түлік пен қару-жарақтар жетіспеді, оған қарамастан біздің қорғаушыларымыз ерлікпен шайқасты. Бір ұрыста атам ауыр жараланады да, фашистерге тұтқынға түсіп қалады. Осылайша атам Гитлерлік концлагерьге тап болады. Жылдан астам уақыт тұтқында болады, оны партизандар тұтқыннан босатады.

Партизандармен бірге Греция тауларында соғысады. Қатты жарақат алғаны соншалық – тірі қалуы мүмкін де емес еді. Атамның айтуы бойынша, оны емдеген дәрігер мынадай жарақатпен және өте жоғары қызумен жайшылықта адамдардың тірі қалмайтынын айтып, таңданыспен басын шайқапты. Көрер жарығы бар екен, атам тірі қалады. Ауыр да қиын майдан күндері басталады. Кейін партизандар Кеңес армиясының бөлімдерімен қосылған сәтте, атам соғыстың аяғына дейін үшінші Украина майданында соғысады. Ажал тырнағына іліне жаздаған жағдайлар көп болады.

Атам Жеңіс күнін Австрияда қарсы алады. Соғыс біткеннен кейін, құрамында атам болған дивизияны Жапониямен болған әскери ұрыстарға қатысу үшін Қиыр Шығысқа жібереді. Соғыс

біткен соң, 1946 жылы атам туған ауылына келеді. Келсе, оны күткен ешкім жоқ. Сөйтсе, ол жарақат алып, тұтқынға түскен кезде елдегі туғандарына оның қаза тапқандығы жайында қара қағаз келген. Айта көтерлік бір жайт: естелік кітабында ол осы күнге дейін қаза тапқандардың тізімінде тұр, онда Сталинград түбінде жерленгендігі көрсетілген және атам естелік кітабында соғыстан оралғандардың тізімінде де тұр. Осы жағдай НКВД жергілікті өкіметіне қызығушылық тудырады. Қаза тапты деген адамның кенеттен аман-сау елге келуі күмән туғызады. Тексеріс, тергеу басталады. Ол кезде тұтқында болғандардың бәрін тексеріп, көбін 10-15 жылға соттап жібереді. Қалай, қандай жағдаймен тұтқынға түсті, қашан және қалай босады. Атамның әскери билеті болса да, әскери мұрағаттарға жіберілген сұраныс оның барлық әскери марапаттарының шын екендігін растайды, бір қызығы, тексеріс барысында, оған құжаттарының кейбірін ғана қайтарады. Ал әскери комиссариатта оның тірі екендігі жайлы жазу өзгертілген де жоқ. Бүгінгі күнге дейін аудандық әскери комиссариатта оның құжаттарында не бары екі жол жазу бар: майданға жіберілген және қаза тапқан уақыты. Тоқсаныншы жылдары Ресейдің мұрағаттарынан атамның туыстарының сұраныстарына бірнеше рет атамның қайда, қалай соғысқандығы жөнінде толық жауап келді және Жеңіс күнінің мерейлі күндері қарсаңында марапаттар да келіп жатты.

Бірақ атама мұның бірде-бірінің қажеті болмайды, ол өзінің соғыстан тірі келгеніне қуанады және қалған ғұмырында туған ауылында еңбек етеді. 1949 жылы жаңа отбасын құрады. Бес баласын өсіріп, тәрбиелеп, лайықты білім алуларына жағдай жасайды. Жоғарыда айтқанымдай, атам 2004 жылы 96 жасында дүниеден өтіпті.

Алтын БАЛҒОЖИНОВА,
Қостанайдағы № 9 орта
мектебінің оқушысы,
майдангердің немересі.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды

Менің атам Қуаныш Көшенұлы 1917 жылы Аманкелді ауданы Мұқыр ауылында дүниеге келген. Атам соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, тек 1947 жылы елге оралған. Елге оралғаннан кейін Меңдіқара педагогикалық училищесіне түсіп, ұстаз болып, елге қызмет еткен. Ол кісі өте сауатты, елге сыйлы кісі болған, әрқашан жағдайы төмен кісілерге қол ұшын беріп, қарайласып, көмектесіп отырған. Атам 1957 жылы ауырып, қайтыс болады. Соғыстан кейінгі ауыр жылдарында Орындық әжем балаларын жалғыз өсіріп, тағдырдың салған қиындығына мойымай еңбек еткен.

Әкемнің айтуы бойынша, әкесі қайтқанда бес жаста бо-

лыпты. Әкем атам туралы бізге көп естеліктерін айтып отыратын. Бүгінде ортамызда әкеміз болмаса да, біздер балалары атамыздың ерлігін мақтан тұтып, әкеміздің айтқан естеліктерін ұмытпай, келер ұрпаққа жеткізіп отыру міндет деп білеміз.

Бүгінде балалары да, немерелері де атамның ұстаздық жолын жалғастыруда. 9 мамыр – Жеңіс күні атамиздың рухына тағзым етіп, мың алғыс айтамыз.

Немересі
Гүлнара АДАЙҚЫЗЫ.
Әулікөл ауданы.

СУРЕТТЕ: Қуаныш
Көшенұлы.



ТУ ҰСТАУШЫ

Біләл Тибеев 1910 жылы Ақсуат ауылында туып, ауыл мектебінде білім алып, 1929 жылы Қостанай Қазпедтехникумына түсіп, оны аяқтаған соң 1933-1940 жылдарда мұғалім болып жұмыс істеген. 1942 жылдың тамызында Пермь облысының Кунгурск қаласында кіші командирлер мектебін аяқтады. 80 адамнан құралған барлық түлек әскери атақ берілгеннен кейін Сталинград майданына жіберілді. Бұл жерде Біләл атамиз 39-шы гвардиялық атқыштар полкының автоматшылар бөлімшесі командирі болып белгіленді. Қыркүйек айының аяғында алғашқы шайқастың сабақ алды. Оның бөлімшесі Паулос армиясын құрсаулауға, Днепрден өтуге, Украинаны азат етуге тікелей атсалысты. Сталинград шайқасындағы ерлігі "Сталинградты қорғағаны үшін", Днепрді қорғағаны үшін "Ерлігі үшін" медальдарымен марапатталды.

Кейінірек командирдің қаза болуына байланысты взвод командирі болып тағайындалды. Осы лауазымда ол 70 мәрте дала шайқасына қатысты. Паулустің әскери қорғаны төңірегіндегі ұрыстарда жан аямай соғысты.

Біләл Тибеев Мамай қорғаны азат етуге айтарлықтай үлесін қосқан сарбаздың бірі. Ол 1943 жылы офицерлерді қайта даярлау бойынша курстарды аяқтап шықты.

Оның взводы Курск, Белгород, Харьков, Полтава қалаларын азат етуге белсене қатысты. Кременчуг қаласын азат ету кезінде өзеннен өткізуді ұйымдастырғаны және өткені үшін тірі қалғандарының барлығына алғыс жарияланды. Шешімтал тұстағы оңды тактикасы үшін Білекең және барлық айрықша көзге түскендер орден, медальдармен марапатталды. Өзеннен жарлан өтумен бірге сәл кейінірек нағыз өткелден өту жүргізілді. Осы сәттерде дивизия командирінің өзі, генерал Глеб Бакланов өткелден өтпек болып шешті. Генералдың қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету Біләлдің взводына тапсырылды. Бұл тапсырма аса сәтті атқарылып, абыройлы іс болды.

Б. Тибеевтің взводы Герман



нияға мал, құс және азық-түліктің ірі партиясын жөнелтудің алдын алды.

Житомир операциясын бастамас бұрын "тіл" әкеуі қажеттілігі туындады. Осы тапсырма Біләл атаның взводына тапсырылды. Үшінші күні екі неміс қолға түсірілді. Жеткізу кезінде жау оғынан оның бірі оққа ұшып, екіншісі аман жеткізілді.

Тіл әкелгендері үшін (ішінде Білекең бар), төрт жауынгер марапатталды. Осы жолы ер жауынгер аяғынан жараланды. Оқты алудың реті келмесе де, бұл оның бұдан кейін де Отан қорғауына аса кедергі келтірмеді.

Ту ұстаушы қаза тапқан соң жақсы атымен танымал взводның жаужүрек, тапқыр командирі дивизия штабына шақырылды. Дивизия командирі Глеб Бакланов оның взводына дивизия туын қорғауды және сақтауды тапсырды. Осындай жауапты тапсырманы Б. Тибеев адал армен атқарды.

Әскери еңбегі үшін Б.Тибеев тоғыз рет марапатталды.

Жеңіс мейрамын ол Литваның астанасы Вильнюс қаласында қарсы алды. Соғыстан оралғаннан кейін ол Қостанай облысы, Боровской (қазіргі Меңдіқара) ауданының, С. Көбеев атындағы Ақсуат негізгі мектебінде ұстаздық қызметін жалғастырды.

Біләл Тибеев 1986 жылы дүниеден озып, ел қорғаған лайықты перзентке туған жері Ақсуат ауылының топырағы бұйырды.

Қуанышбек КӨБЕЕВ,
оқытушы.

Меңдіқара ауданы.

СУРЕТТЕ: майдангер Біләл
Тибеев.

● САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде...

Қарлығаш
ОСПАНОВА

АИТВ/ЖИТС (ВИЧ/СПИД)-нің пайда болып, әлемді жаулап келе жатқанына отыз жылдай уақыт болған көрінеді. Қазақстанда бұл дерт 1987 жылы пайда болыпты. Содан бері біздің елімізде де ғасыр індетіне айналған осы дертпен күресу жолында қаншама жұмыстар атқарылуда. Бүгінде еліміз бойынша АИТВ сырқатымен 22 мыңнан астам адам, ал екі мыңға жуық адам ЖИТС бойынша есепте тұр. Бұл дерттер бойынша Алматы қаласы көш бастап тұрса, біздің Қостанай облысы бесінші орында екен...

АУРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

АИТВ (ВИЧ) – бұл адамның иммун-тапшылығы вирусы, ол иммундық жүйенің клеткаларына енеді, ағзаның кез келген инфекцияларға қарсы тұру қабілетін бұзып, оны әлсіздендіреді. Ал, ЖИТС (СПИД) – жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы, бұл АИТВ инфекциясының дамуының соңғы сатысы. Бұл вируспен зақымданған адам ұзақ жылдар бойы өзін сау және жақсы сезінуі мүмкін. Вирус аурудың барлық сатыларында қан, ұрық, овуляциялық және қынаптық бөлінді, емшек сүті арқылы беріледі. Жалпы, бұл аурудың инфекциясы тек үш жолмен ғана беріледі. Ол біріншіден жыныстық жол, әсіресе кездейсоқ жыныстық қатынас арқылы беріледі. Екіншіден, парентеральдық жол, яғни зақымданған қан арқылы. Инъекциялық есірткілерді тұтыну – жұқтырудың ең қауіпті амалы. Мұндай жағдайлар көбіне нашакорлар арасында кездеседі. Сондай-ақ, пирсинг, татуаж кезінде де тек стерильді шприцтер мен инелерді қолдану қажет. Үшіншіден, вертикальды жол, яғни дерттің анадан балаға берілуі. Бұл әсіресе жүктілік кезінде балаға қан арқылы, не туылғаннан кейін ана сүті арқылы беріледі. Ал, құ-



адамдардың 35-50 пайызы ауырады, қалғандары дені сау, вирус тасымалдаушы болып қалады. Індеттің тиісті кезеңдеріне қарай әртүрлі белгілері болады. Жұққан сәттен бастап алғашқы белгілері пайда бола бастағанға дейінгі уақыт инкубациялық кезең, яғни бастапқы АИТВ инфекциясы 2-3 аптадан 6-12 айға, тіпті бірнеше жылға дейін созылуы мүмкін. Инфекция кейде белгісіз түрде дамиды. Бұл дерттерді жұқтырған адам ешқашан донор бола алмайды. Ал, әдейі біле тұра басқа азаматтарға АИТВ вирусын жұқтырушылар заңмен жауапқа тартылады, – дейді облыстық СПИД-ке қарсы күрес орталығының бас дәрігері Ж.Түтенова.

ӨНІРДЕГІ АХУАЛ

Жалпы, статистикаға жүгінсек, өңірімізде 1482 адам

АИТВ инфекциясымен тіркеуге (оның 14-і бала) алынса, соның 335-і көз жұмған. Сондай-ақ, ЖИТС бойынша есепке алынған 65 науқастың 34-і қайтыс болған. Жалпы, дертке шалдыққандардың 56 пайызы 15 пен 19 жас аралығындағы жастардың, ал қалған пайызы ересектердің үлесінде көрінеді. Сондай-ақ, облыста ауру көрсеткіші бойынша Қостанай (772) мен Рудный (323) қалалары алдыңғы қатарда тұрған көрінеді. Мұның сыртында Әуликөл, Жітіқара, Қарабалық, Қостанай аудандары да қалыс қалып отырған жоқ. Тек, Қамысты ауданында ғана АИТВ/ЖИТС дерті мүлде тіркелмеген. Асылы, бұл дерттің түп-тамырына балта шабу мүмкін болмай отырса да, СПИД-ке қарсы күрес орталығының

мамандары ауруды ауыздықтау мақсатында түрлі шараларды жүзеге асыруда. Орталық мамандарының мәліметтерінше, АИТВ/ЖИТС инфекцияларын жұқтырғандардың қатары соңғы жылдары сәл де болса азайған. Олар мұны қатарларының білікті мамандармен толығымен байланыстырады. 2012 жылы орталық мамандарының қатары бес бірдей жас дәрігерлермен толықса, соңғы үш жыл ішінде де келіп жатқан дәрігерлер легі баршылық. Орталық ашылған жылдан бастап әр жылдарда еңбек еткен Ормаш Есенжолов (ор-




талықтың алғашқы басшысы, он жылдам астам уақыт осы орталықты басқарған кісі – Қ.О.), Ораз Шокобаев, Ораз Сасықов, Владимир Ефименко, Сәуле Құрамысова сияқты тәжірибелі дәрігерлердің ізімен келе жатқан орталықтың бас дәрігері Жанна Түтенова мен Балдырған Демисенова, Молдағали Хамзин, Әділхан Жабаев, Сәуле Тоқбураева, Әлия Картаева, Сәуле Аренова, Наталья Токорева, Татьяна Большакова, Инна Соколова, Наталья Лавренко сияқты білікті де өз ісінің майталман мамандары бүгінде осы індеттердің алдын алуда аянабай тер төгуде. Бәрі де өз ісіне жетік мамандар.

ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ДА КӨМЕГІ ЗОР

Орталықтағы рухани-әлеуметтік кабинетке келетіндер саны өте көп. Кабинеттің психолог дәрігері Әділхан Жабаевтың айтуынша, күніне кем дегенде жүзге жуық адам бас сұғады екен. Ал, жылына олардың саны сегіз мыңнан асып жығылады. Әрине, мұнда келетіндердің бәрін осы дертке шалдыққандар деп ойлау әбестік. Олар СПИД-тің алдын алу үшін сақтық шараларын жасауға ниетті жандар. Кабинетке келгендердің бұл жерде кез келген ақпаратқа қанығып, дерт жайлы кеңес алуларына да мүмкіндігі мол. Себебі, бұл аурудың әрі қарай тарап кетуіне жол бермес үшін алдын алып, ескертіп, кеңес беру де осы кабинеттің басты міндеті.

– Кез келген адам аталмыш дерт жайлы толыққанды мәліметті білуі тиіс. Біздің орталықта есепте тұрған адамдар жасына қарамайды, сәбилерден бастап, орта жастаға, тіпті егде жастағы кісілерге дейін бар. Сондықтан, біз әрбір облыс тұрғындарына осы аурудың таралу жолы мен одан сақтану жолдары туралы айтып, құлақтандырып отырамыз. Сондай-ақ, өз есімін айтқысы келмеген жандарды да біз құпия түрде қараймыз. Ол адам туралы, науқас жайында туған-туыстарына, таныстарына жариялауға да біздің құқымыз жоқ, ол «дәрігерлік құпия» деп аталады. Жақындарына науқас адам тек өзі ғана айтуға құқылы. Сондықтан, тексерістен өтуге ықылас білдіргендер тегін әрі құпия түрде тест тапсырып, медицина қызметкерлерінің көмегіне жүгіне алады. Сондай-ақ, біз қаламыздағы медициналық колледждің студенттеріне де ауру жайлы толық мағлұматтар береміз. Барлық медицина мекемелерінің қызметкерлері, қан ор-



талығының мамандары, тіс дәрігерлері де міндетті түрде тексеріліп, психолог кеңесін алуы тиіс. Өйткені, олар инемен жұмыс істейтіндіктен, жалғыз АИТВ/ЖИТС-ті ғана емес, гепатит сияқты басқа да жұқпалы вирусті ауруларды жұқтырып алуы мүмкін, – дейді психолог дәрігер Әділхан Жабаев.

БӘРІ ӨЗ ҚОЛЫҢДА!

Жалпы, АИТВ (ВИЧ) инфекциясы бұл өлім тақады деген үкім емес. Негізінде осы дертті жұқтырған адамдар өзін қоғамға керексіз сезініп, айналасындағылардың да ондай жандарға деген көзқарастары өзгеріп сала береді. Сондықтан, мамандар осы бір қалыптасқан қасаң қағидаларды бұзып, АИТВ жұқтырған жанның да қоғамның толыққанды мүшесі екендігін мойындауымыз керектігін алға тартады. Орталықтың бас дәрігері Жанна Түтенованың айтуынша, соңғы уақытта дерттің таралу көзі нашакорлар ғана емес, жезөкшелер де себепші болып отыр. Мәселен, осыдан он бес жыл бұрын АИТВ дертін жұқтырушылардың сексен пайызы нашакорлар болса, қазіргі уақытта жыныстық қатынас жолымен жұқтырғандар саны артып келеді. Бұған адамдардың, әсіресе жастардың бұл тұрғыдағы сауатсыздығы себеп болуда. Сол себепті дәрігерлер кез келген адамға, әсіресе жастарға салауатты өмір салтын ұстанып, кездейсоқ жыныстық қатынастан аулақ болуды ескертеді.

Қорыта айтқанда, салауатты өмір сүріп, есірткі қолданудан, кездейсоқ жыныстық жақындасудан аулақ болса, әрбір адам өзін-өзі АИТВ мен ЖИТС-тен қорғай алады. Әр адам өз денсаулығы өз қолында екендігін ұмытпаса екен дейміз.



шақтасқанда, сүйіскенде, қол алысқанда, басқа да кездейсоқ қатынастарда, ортақ орамалды, ыдыстарды қолданғанда, жөтелгенде, түшкіргенде, бірлескен жұмыс, оқу, сабақ арқылы АИТВ берілмейді.

– Жалпы, бұл дертке шалдыққандардың ағзасында иммундық жүйе өте төмен болады. Ал, иммунитеті төмен, өзі ауруға ұшыраған науқас адамдарға басқа жұқпалы аурулар тез жұққыш келеді. Сондықтан оларды бір емес, бірнеше аурумен қатар емдеуге тура келетіндіктен, дәл нақты емін табу да мүмкін болмай отыр. Дегенмен, қазіргі кезде антиретровирустық дәрі-дәрмектер қолдану арқылы науқастың иммунитетін қалыптастыратын ем шаралары жүргізілуде. Жалпы, вирус жұқтырған

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 163 қаулысы

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 595 "Ауылдық

елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5262 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 қаңтарда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі Н.САДУАҚАСОВ.
Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 21 мамырдағы № 5614 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 163 қаулысымен бекітілген

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер
1. "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдардың ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы уәкілетті органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдауды және нәтижелерін беруді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көтерме жәрдемақы және бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру нысаны – қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау
4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 275 бұйрығымен бекітілген "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес (бұдан әрі – Стандарт) нысан бойынша Стандарттың 9-тармағында белгіленген құжаттарды қоса бере отырып өтініш ұсыну болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, көрсетілетін қызметті алушыға тегі, аты, әкесінің аты, почталық мекенжайы, телефоны, өтініш берген күні көрсетілген және өтінішті қабылдаған тұлғаның қолы қойылған қолхат ұсынады; Стандарттың 9-тармағында белгіленген ұсынылған құжаттардың түпнұсқаларын және көшірмелерін салыстыруды жүзеге асырады, одан кейін құжаттардың түпнұсқаларын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарып береді – 30 (отыз) минут;

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі-құжаттарды тіркеу және көрсетілетін қызметті алушыға қолхат беру;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды, тиісті бұрыштама қояды – 2 (екі) сағат.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты

орындаушысы құжаттарды зерделейді, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің жобасын әзірлейді – 32 (отыз екі) күнтізбелік күн.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесінің жобасы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы: көтерме жәрдемақы сомасын көрсетілетін қызметті алушылардың жеке есеп шоттарына аударады – 7 (жеті) күнтізбелік күн;

Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес, сенім білдірілген өкілдің (агенттің) көрсетілетін қызметті алушыға Келісіммен белгіленген тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беруі бойынша шаралар қабылдайды – 30 (отыз) жұмыс күн;

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау
6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, көрсетілетін қызметті алушыға тегі, аты, әкесінің аты, почталық мекенжайы, телефоны, өтініш берген күні көрсетілген және өтінішті қабылдаған тұлғаның қолы қойылған қолхат ұсынады; Стандарттың 9-тармағында белгіленген ұсынылған құжаттардың түпнұсқаларын және көшірмелерін салыстыруды жүзеге асырады, одан кейін құжаттардың түпнұсқаларын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарып береді; қаржы қаражатының қажеттілігін есептеуді жүргізеді – 30 (отыз) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды, тиісті бұрыштама қояды – 2 (екі) сағат;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттарды зерделегеннен кейін мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесінің жобасын әзірлейді, оны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді – 32 (отыз екі) күнтізбелік күн;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы: көтерме жәрдемақы сомасын көрсетілетін қызметті алушылардың жеке есеп шоттарына

аударады – 7 (жеті) күнтізбелік күн;

Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес сенім білдірілген өкілдің (агенттің) көрсетілетін қызметті алушыға Келісіммен белгіленген тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беруі бойынша шаралар қабылдайды – 30 (отыз) жұмыс күн;

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін береді.

Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, әрбір іс-қимылдың (рәсімнің) өту блок-схемасы.


4. Халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасасу тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет

көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау
8. Мемлекеттік қызмет Қостанай облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік мекемесі және "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілмейді.

9. Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдары және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.


"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, әрбір іс-қимылдың (рәсімнің) өту блок-схемасы



"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы



Постановление акимата Костанайской области от 24 апреля 2015 года № 163

Об утверждении регламента государственной услуги "Предоставление мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты"

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", пунктом 3 статьи 16 Закона Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года "О государственных услугах" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемый регламент государственной услуги "Предоставление мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты".

2. Признать утратившим силу постановление акимата Костанайской области от 26 ноября 2014 года № 595"Об

утверждении регламента государственной услуги "Предоставление мер социальной поддержки специалистам здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и ветеринарии, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты"(зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 5262, опубликовано 9 января 2015 года в газете "Қостанай таңы").

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.
Аким области Н.САДУАКАСОВ.
Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 21 мая 2015 года под № 5614

Утвержден постановлением акимата Костанайской области от 24 апреля 2015 года № 163

Регламент

государственной услуги "Предоставление мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты"

1. Общие положения

1. Государственная услуга "Предоставление мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты" (далее - государственная услуга) оказывается уполномоченными органами в области развития сельских территорий местных исполнительных органов районов и городов областного значения (далее - услугодатель).

Прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется канцелярией услугодателя.

2. Форма оказания государственной услуги - бумажная.

3. Результатом оказания государственной услуги являются меры социальной поддержки в виде подъемного пособия и бюджетного кредита.

Форма предоставления результата оказания государственной услуги - бумажная.

2. **Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги**

4. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной услуги является заявление услугополучателя по форме согласно приложению 2 к Стандарту государственной услуги "Предоставление мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты", утвержденному приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 27 марта 2015 года № 275 (далее - Стандарт) с приложением документов, определенных в пункте 9 Стандарта.

5. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

1) канцелярия услугодателя осуществляет прием и регистрацию документов, выдает расписку услугополучателю, в которой указываются фамилия, имя, отчество, почтовый адрес, телефон, дата подачи заявления и подпись лица, принявшего заявление; осуществляет сверку подлинников и копий предоставленных документов, определенных в пункте 9 Стандарта, после чего возвращает подлинники документов-30 (тридцать) минут.

Результат процедуры (действия) - регистрация документов и выдача расписки услугополучателю;

2) руководитель услугодателя определяет ответственного исполнителя услугодателя, налагает соответствующую визу - 2 (два) часа.

Результат процедуры (действия) - виза руководителя услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя изучает документы, подготавливает проект результата оказания государственной услуги

- 32 (тридцать два) календарных дней.

Результат процедуры (действия) - проект результата оказания государственной услуги;

4) руководитель услугодателя: перечисляет сумму подъемного пособия на индивидуальные лицевые счета услугополучателей - 7 (семь) календарных дней;

принимает меры по предоставлению поверенным (агентом) бюджетного кредита на приобретение или строительство жилья услугополучателю, определенного Соглашением о предоставлении мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты (далее - Соглашение), согласно приложению 1 к Стандарту-30 (тридцать) рабочих дней.

Результат процедуры (действия) - выдача результатов оказания государственной услуги услугополучателю.

3. **Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги**

6. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги:

- 1) канцелярия услугодателя;
- 2) руководитель услугодателя;
- 3) ответственный исполнитель услугодателя.

7. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) с указанием длительности каждой процедуры (действия):

1) канцелярия услугодателя осуществляет прием и регистрацию документов выдает расписку услугополучателю, в которой указываются фамилия, имя, отчество, почтовый адрес, телефон, дата подачи заявления и подпись лица, принявшего заявление; осуществляет сверку подлинников и копий предоставленных документов, определенных в пункте 9 Стандарта, после чего возвращает подлинники документов, и передает руководителю услугодателя для наложения визы-30 (тридцать) минут;

2) руководитель услугодателя определяет ответственного исполнителя услугодателя, налагает соответствующую визу и передает документы ответственному исполнителю-2 (два) часа;

3) ответственный исполнитель услугодателя после изучения документов подготавливает проект результата оказания государственной услуги, передает его руководителю услугодателя - 32 (тридцать два) календарных дня;

4) руководитель услугодателя: перечисляет сумму подъемного пособия на индивидуальные лицевые счета услугополучателей - 7 (семь) календарных дней;

принимает меры по предоставлению поверенным (агентом) бюджетного кредита на приобретение или строительство жилья услуго-

получателю, определенного Соглашением, согласно приложению 1 к Стандарту-30 (тридцать) рабочих дней.

Руководитель услугодателя выдает результаты оказания государственной услуги услугополучателю.

Блок-схема прохождения каждого действия (процедуры) с указанием длительности каждой процедуры (действия) указана в приложении 1 к Регламенту.

4. **Описание порядка взаимодействия с центром обслуживания населения и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги**

8. Государственная услуга через республиканское государственное учреждение на праве хозяйственного ведения "Центр обслуживания населения" по Костанайской области и через веб-портал "электронного правительства" не оказывается.

9. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги и порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги отражается в справочнике бизнес-процессов оказания государственной услуги согласно приложению 2 к Регламенту.

Приложение 1 к регламенту государственной услуги "Предоставление мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты"


Блок-схема прохождения каждого действия (процедуры) с указанием длительности каждой процедуры (действия)



Приложение 2 к регламенту государственной услуги "Предоставление мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты"

Справочник

бизнес-процессов оказания государственной услуги "Предоставление мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты"



Условные обозначения

- — начало или завершение оказания государственной услуги;
- — наименование процедуры (действия) услугополучателя, канцелярии услугодателя, руководителя услугодателя, ответственного исполнителя услугодателя;
- — переход к следующей процедуре (действию).

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың ерекшеліктері

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру – негізгі аспектілері Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Заң) көзделген сақтандырудың бір түрі.

Бұл Заңға сәйкес, егер көлік құралының иесінде көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болмаған жағдайда, өзінің көлігін жүргізе алмайды.

Көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген үшінші тұлғалардың мүлдікті мүдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты болып табылады.

Сақтандырылушы тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген, жоғары қауіптілік көзі ретіндегі көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүлдікті мүддесі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

Мынадай көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатады:

1) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде тіркелген (мемлекеттік тіркеуге жататын) жеңіл, жүк автомобильдері, автобустар, шағын автобустар және олардың ұйымдардан, жөндеу және сауда ұйымдарынан, кедендік бақылау органдарынан тіркеу орнына өз бетінше жүргізіліп өкелінетін, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесі көлік иесінің тұрғылықты жерінің өзгеруіне немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты тіркеуден шығарған көлік құралдары.

2) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша енген (өкелінген) көлік құралы;

3) 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген, жасаушы ұйымдардан, жөндеу және сауда ұйымдарынан, кедендік бақылау органдарынан тіркеу орнына өз бетінше жүргізіліп өкелінетін, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесі көлік иесінің тұрғылықты жерінің өзгеруіне немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты тіркеуден шығарған көлік құралдары.

Көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі өзі пайдаланатын көлік құралының әр бірлігі бойынша сақтандырылуға жатады.

Сонымен қатар, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты, басқа мемлекетте тіркелген, иесі осы мемлекет пен Қазақстан Республикасының арасында жасалған халықаралық шарттың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасында танылатын көлік құралдары иелері жауапкершілігінің сақтандыру шартын жасаған көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына енген жағдайда жасалмайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде мемлекеттік тіркеуге және есепке алуға жатпайтын (трамвайлар мен троллейбустарды қоспағанда) көлік құралдарының иелері көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспайды.

Оның сыртында, өзінің қызметтік немесе еңбек міндеттерін атқаруына орай, оның ішінде көлік құралының иесімен еңбек немесе өзге де шарт жасасу негізінде не мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей, көлік құралы иесінің ерік білдіруі негізінде оның қатысуымен көлік құралын жүргізуші адамның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатпайды.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру осы Заңға сәйкес сақтанушы мен сақтандырушының арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау үшін сақтанушының өтініші негіз болып табылады.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жеке немесе заңды тұлғада көлік құралын иелену құқығы пайда болған кезден бастап, бірақ осы көлік құралы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей жасасуға тиіс екенін назарыңызға саламыз.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты:

1) шарттың қолданылу мерзімі біткен;

2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған;

3) сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттейтін алғашқы сақтандыру жағдайы басталған жағдайларда тоқтатылған деп есептелінеді.

Заңмен сақтандыру төлемі тура-

лы өтінішіне қоса ұсынылатын құжаттар тізімі қарастырылған (Сақтандырушыға ұсынылады):

1) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған тұлғаның сақтандыру полисі (оның төлнұсқасы), ол болмаған жағдайда сақтандыру полисінің көшірмесі не бар болған кезде көрсетілген сақтандыру полисі бойынша (сақтандырушының атауы, сақтандыру полисінің нөмірі, берілген күні) немесе сақтанушы туралы (сақтанушының тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің аты, көлік құралын тіркеудің мемлекеттік нөмірі) мәліметтердің бірі;

2) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат;

3) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына зиян келтіру фактісі болған жағдайда жәбірленушінің еңбекке уақытша қабілетсіздігінің мерзімі туралы денсаулық сақтау ұйымдары анықтамасының немесе мүгедектік белгіленген жағдайда мамандандырылған мекемелердің жәбірленушіге мүгедектік белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;

4) жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариат куәландырылған көшірмесі;

5) пайда алушының зиянды өтетіру құқығын растайтын құжат (көшірмесі);

6) осы Заңның 22-бабының 7-тармағында көзделген жағдайда, бағалауды ұйымдастыруға арналған өтініш;

7) осы Заңның 22-бабының 6-тармағында көзделген жағдайда келтірілген зиянның мөлшерін бағалау жөнінде тәуелсіз сарапшы жасаған құжаттар;

8) пайда алушының жеке басы куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;

9) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының (сақтандырылушының) шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында шекпен шығыстарын растайтын құжаттар, олар болған кезде;

10) сақтанушының (сақтандырылушы) немесе көлік құралын басқаратын адамның жүргізуші куәлігінің көшірмесі және көлік құралын тіркеу туралы куәліктің көшірмесі.

Сақтандырушының сақтанушыдан (сақтандырылушыдан) не жәбірленушіден басқа қосымша құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

ҚР Ұлттық Банкінің Қостанай филиалы.

Медет Досымхановты еске алды

Таран ауданында шағын футболдан полиция аға лейтенанты Медет Досымхановты еске алуға арналған дәстүрлі облыстық турнир өтті.



Жарысқа Қостанай, Рудный, Лисаков қалалары мен Таран, Әуликөл, Қостанай аудандарынан келген ішкі істер органдарының қызметкерлері қатысты. Медет Бауыржанұлы өз жұмысын адал атқарып, замандастарына үлгі болған жан. Таран ауданындағы криминалды полиция бөлімінің қызметкері болған. 2009 жылы құқықбұзушылықтың жолын кесу кезінде қаза тапқан.

Турнирдың ашылу салтанатында Медеттің әкесі Бауыржан Досымханов сөз сөйлеп, ұлының игі қасиеттерін сөз етті. Одан кейін Медеттің туысқандары мен бірқатар қонақтар марқұмның есімі жазылған ескерткіш мемориалына гүл шоқтарын қойды. Бірнеше сағатқа созылған жарысқа қатысушылар қызықты ойын өрнегін көрсетті. Жарыс нәтижесінде Қостанай аудандық ІІБ-нің командасы жеңіс тұғырына көтерілді. Лисаков қаласы мен Рудныйдың полицейлері де үздіктер қатарынан көрінді. Жарыс соңында жекелеген жүлдегерлер де өз иелерін тапты. Мәселен, "Үздік шабуылдаушы" аталымы Марат Исергеповке, ал "Үздік қақпашы" жүлдесі Петр Штейнкеге тапсырылды. Олег Таженов "Үздік қорғаушы" аталымын иемденді. Облыстық турнирдің жабылу рәсімінде барлық командалар алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Медет Досымхановтың туғандары өз алғыстарын білдіріп, ұйымдастырушылар мен қатысушыларға естелік сыйлықтар табыс етті.

Қуаныш СЕЙДОЛЛАҰЛЫ.

Мергендер сайысынан жүлделі оралды



Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Тобыл өңірінің спортшылары стөндтік атудан Шымкент қаласында өткен Қазақстан Республикасының IV спартакиадасында өнер көрсетті. Мергендердің басын қосқан жарысқа Астана, Алматы, Павлодар, Қызылорда, Маңғыстау қалаларының өкілдері қатысты. Жерлестеріміз Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Рудный мен Қарабалықта ұйымдастырылған жарыста "СКИТ", "Траншея стөнді", "Дубл-трап", "Компакт-спортинг" жаттығулары бойынша үздік шыққанын айта кетейік. Осы чемпионатта "Компакт-спортинг" жаттығуынан Қостанай облысы жалпыкомандалық бірінші орынды алды. Біздің құрамада Виктор Скрикеля, Виктор Чернобровин, Андрей Ульянов сияқты мерген жігіттер болды.

"Агрофирма Қарқын" ЖШС сенімді тұлғасы Қудабаев Салимжан Қасымжанович, кепілдік мүлкі сөттан тыс өткізу төртбімен Қостанай облысы Меңдіқара ауданы, Борков ауылдық округінің аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған көлемі 122,6 га, кадастрлік нөмірі 12-185-038-143 бөлінетін жер учаскесіне жер пайдалану (жалдау) құқығын сату жөнінен сауда өткізеді. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сөттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 15 маусым, сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Меңдіқара ауданы, Харьков с. Центральная көш., 28 үй. Өтінімдер 2015 жылғы 14 маусым, сағат 18.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Меңдіқара ауданы, Харьков с. Центральная көш., 28 үй, телефон – 8-777-181-91-80.

Доверенное лицо ТОО "Агрофирмы Қарқын" Қудабаев Салимжан Қасымжанович в порядке внесудебной реализации залогового имущества, объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования (аренды) на земельный участок, расположенный на территории Борковского сельского округа, Мендыкаринского района, Костанайской области, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства, кадастровый номер 12-185-038-143, площадью 122,6 га. Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 15 июня 2015 года в 10.00 часов по адресу: Мендыкаринский район., с.Харьковское, ул.Центральная, д.28. Заявки принимаются в срок до 18.00 часов 14 июня 2015 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская обл. Мендыкаринский район, с.Харьковское, ул.Центральная, д.28, телефон для справок – 8-777-181-91 -80.

2015 жылдың 3 тоқсанына арналған "Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ басшыларының азаматтарды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасу мекенжайы	Байланыс телефоны
"Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ	Үмбетов Жанболат Жұмабайұлы	"Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ басшысы	Сәрсенбі сағат 14.00-18.00 дейін	Қостанай қ. Гоголь көш., 75, 316 каб.	50-19-44
	Ахметов Қазымбек Жармағанбетұлы	"Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ басшысының орынбасары	Сейсенбі сағат 14.00-18.00 дейін	Қостанай қ. Гоголь көш., 75, 313 каб.	

"Мемлекеттік органның орналасу мекенжайы: Қостанай қ., Гоголь көш. 75. Байланыс телефоны 50-19-44. Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ мемлекеттік қызметшілерінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі мәселелері бойынша келесі мекенжайға хабарласуыңызды сұрайды. Сенім телефоны 50-48-33. Жауапты - "Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ басшысының орынбасары Ахметов Қазымбек Жармағанбетұлы.

График приема граждан руководителями ГУ "Управление по развитию языков акимата Костанайской области" на 3 квартал 2015 года

Наименование государственного органа	ФИО лица проводящего прием граждан	Должность проводящего прием граждан	Дата и время приема граждан	Местонахождения государственного органа	Контактный телефон
ГУ "Управление по развитию языков акимата Костанайской области"	Умбетов Жанболат Жумабаевич	Руководитель ГУ "Управление по развитию языков акимата Костанайской области"	Среда с 14.00 до 18.00	г.Костанай ул. Гоголя 75, кабинет 316	50-19-44
	Ахметов Казымбек Жармағанбетович	Заместитель руководителя ГУ "Управление по развитию языков акимата Костанайской области"	Вторник с 14.00 до 18.00	г.Костанай ул. Гоголя 75, кабинет 313	

Местонахождение государственного органа: г.Костанай, ул.Гоголя 75. Контактный телефон 50-19-44.

По вопросам нарушения кодекса чести государственными служащими ГУ "Управление по развитию языков акимата Костанайской области" просим обращаться по телефону доверия 50-48-33. Ответственный - Ахметов Казымбек Жармағанбетович, заместитель руководителя ГУ "Управление по развитию языков акимата Костанайской области"



Жақында "Аяна — 2011" мектепке дейінгі ұйымында ұмытылмас балабақшамен қоштасу ертеңгілігі өтті. Ашылғанына екі жыл болған жекеменшік балалар мекені бүлдіршіндерді ең бірінші рет ұшырды.

Ертеңгілік өте қызықты және көңілді, тартымды өтті. Балалардың жүздерінен шат көңіл де, сонымен қатар мұңаю да байқалды. Шат көңіл дейтініміз барлық балалар ән айтып би биледі. Ал мұңаю дейтініміз — бұл балалардың бақшадағы ең соңғы мерекесі, балабақшаға соңғы рет келулері. Осындай көңіл күй ата-аналардың да жүздерінен байқалғандай. Балалар үйренген өнерлерін ортаға салып, ән шырқап, жаттаған тақпақтарын айтып, әр түрлі билер орындап, әсіресе бүлдіршіндердің жұптасып билеген вальсін би ата-аналардың, балабақша қызметкерлерінің, тіпті

қонақтардың да көңілінен шықты. Аружан Дүйсенбаева, Кенжебек Ерасылдар өздерінің өнерлерін ортаға салды.

Қазір мұнда "Балдәурен", "Көгершін", "Көбелек" топтарында тоқсан бала тәрбиеленуде. "2013 жылы "Балапан" бағдарламасы бойынша теңдер ұтып алып, қала кезегіндегі 90 сәбиді қабылдаған едік", — деп өткенді еске алады балабақша директоры Сәуле Бижанова.

Мереке соңында балабақша директоры Сәуле Қорғанбекқызы балаларды құттықтады. "Көбелек" тобының тәрбиеленушілері жайдарлы көңіл күймен, қуанышпен, қимастықпен, болашаққа деген үлкен арманмен, балабақшамен қоштасты.

Ш.АҢСАҒАНҚЫЗЫ.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.

Ерекше соңғы қоңырау...



Осыдан он жыл бұрын Новоселов орта мектебінен үлкен өмірге жолдама алып түлеп ұшқан түлектеріміз, бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп, істерін өрге бастырған азаматтар екені белгілі. Міне, осы түлектеріміз биылғы мектебімізде өткен "Сыңғырла, соңғы қоңырау!" атты салтанатымыздың ерекше қонағы болды. Әр жыл сайын 25 мамырда сыныптастарымен өздерінің түлеп ұшқан мектебінде кездесуді әдетке айналдырған бір топ жігіттер мен қыздар бүгін өз мектебіне демеуші ретінде келді. Бұл игілікті іске бастау болғандар Балбала Қонақбаев, Сағит Жалимбаев, Әсемгүл Мұқышева, Данияр Мырзағалиев, Қайрат Доцанов болса, Элеонора Ахме-

това, Нұргүл Әбілдина, Әсет Валеев, Аслан Сапанов, Ұлан Есқайыров, Әрсен Баукин өз мойнындағы жауапкершілікті еш уақытта басқа біреудің мойнына жүктемейтін, ата-ана мен ұстаздарының алдындағы борышын өтеуді өз алдына мақсат етіп қойған белсенділер. Білім алған мектептерінің қамын ойлап, өздерінен кішілердің жағдайын жасап жүрген жастардың осындай істерін көргенде, тәрбиелі де саналы азаматтарды тәрбиелеп, білім беріп өсіргенімізге мерейленіп, марқайып қалдық. Олар мектептегі бүкіл парталарды жаңартып, сынып жетекшісіне стол мен тақта сияқты жиһаздарды сыйға тартты. Олардың сынып жетекшілері Манар Жақсылықова өлі

де мектебімізде ұстаз.

Содан кейінгі тағы бір игі қуанышымыз — Тамара Ивановна Остапович Новоселов орта мектебінде зертханашы болып 30 жыл еңбек етіп, зейнетке шыққанды. Мектеп алдын көгалдандыру жұмысын өзіне міндет етіп алған, ешқашан шаршамайтын, шаршағанын білдіртпейтін таза жүректі адал жан өзінің науқас анасы мен сіңлісінің жағдайына қарамастан, зейнетақысын жинап, мектепке су құбырын өткізіп берді. Отыз жыл бойы өзінің аңсап келген арманын орындап, сондай қуанышты мектебіне сыйға тартты. Бұл дегенің екінші бірінің қолынан келмейтін қамқорлық.

Осындай жандардың жақсылығы, игілікті істері ұмытылмасы сөзсіз, оларға мың алғыс. Жас демеушілерімізге, түлектерімізге өркендерің өссін, талаптарыңа нұр жаусын, отбасыларыңа береке, бірлік, бастаған әр істеріңе біздің алғысымыз демеу болсын дей келе, Тамара Ивановнаға алған зейнетақыңызды тек қуанышқа бұйыртып, отбасыңыз бен өзіңізге денсаулық тілейміз демекпіз.

Келесі жаңа оқу жылында жаңа парталарда отыратын мектеп оқушылары мен ұстаздардың бұл игілікті іске қуанышы шексіз.

Ғ. МҰҚЫШЕВА,

Новоселов орта мектебі.
Әулікөл ауданы.

Тағлымы мол тұсаукесер

**Сәлім
МЕНДІБАЙ**

Жақында Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тұңғыш Президент аудиториясында Испанияның саңлақ ақыны Хусто Хорке Падронның испан, қазақ тілдерінде жарық көрген "Тозақ шеңберлері" атты кітабының тұсау кесер рәсімі болды. Оған Астана, Алматы және республиканың басқа қалаларынан ақын-жазушылар қатынасты. Автор Хусто Хорке, аудармашы талантты ақын Танакөз Толқынқызы сөз сөйлеп, кітаптың рухани құндылық жағына тоқталды. Алдағы уақытта осы тұсаукесер рәсіміне куәгер Қазақстан ақындарының поэзиялық туындылары Испания баспасынан жеке кітап болып басылып шықпақшы. Аталған шараға Қостанай қаласының тұрғыны, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын Нағашыбай Мұқатов қатынасып қайтты.

"Даласында Торғайдың дара шапқан"

Республика жұртшылығына белгілі ақын Серікбай Оспанов мерейлі 70 жасқа толып отыр. Осы мерейтойға орай "Арқалық қаласындағы облыстық №2 ғылыми әмбебап кітапханасында "Даласында Торғайдың дара шапқан" атты жыр-көші өтті. Әдеби шараға өлеңді өміріндей көретін жыр сүйер қауым қатысты. Мазмұнды кеште Серікбай Оспановтың замандасы Әбдіғали Жантасов және АрМПИ-дің 4 курс студенті Жетібай Көбей арнау өлеңдерін оқыды. Серікбай ағамыздың өмір жолы, балалық шағы өткен туған жері, ер жетіп ес білген шағы, алғашқы қалам тартқан туындылары туралы тартымды әңгімелер айтылды. Кеш кейіпкерінің ақындықтан басқа қырлары да сөз болды. Сондай-ақ ағамыздың ел арасында кең тараған "Сағындым Алматымды", "Айлы түнде", "Аққу ұшып барады", "Жан ерке", "Шилі өзен" деген төл әндері шырқалып, әдеби шараның маңызын аша түсті. АрМПИ-дің жанынан құрылған М.Дулатов атындағы әдеби-мәдени бірлестіктің мүшелері ақын өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Зайра СЫҒАЕВА.

Арқалық қаласы.

СПОРТ

Азия чемпионатына қатысады

**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Көктемнің соңғы айы қостанайлық грек-рим шеберлері үшін сәтті басталды. 16 мамырда Шымкент қаласында өткен халықаралық грек-рим турнирінен жерлесіміз Вали Осман қола жүлдемен оралған болатын. Екі күннен соң Қостанай облысының БЖСМ балуандары Шымқалаға қайтадан аттанды. Бұл жолы балғындарымыз қазақтың арда ұлы, халықаралық жарыстарда 37 рет топ жарған Жақсылық Үшкемпіровтің атындағы турнирде бағын сынады. Жарысты ұйымдастыру алқасының төрағасы, Шымкент қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Полат Қырықбаев аталмыш бәсекені дәстүрлі түрде өткізуді ұсынды. Доданың бірінші күнінде 74 келіде белдескен Тамерлан Шадукаев және 120 келідегі Талғат Жиентаев алтын медальді иеленді. Ал, қола медальді қанжығасына байлаған балуандардың арасында Рахмет Сәпиев (74 кг) пен Саркис Пшеничников (96 кг) болды. Енді маусым айында Мьянмада өтетін Азия Чемпионатына ҚР жасөспірімдер құрамасының мүшесі Талғат Жиентаев ел намысын қорғайды. Қостанайлық алыппен бірге Тамерлан мен Саркис те қатысатын болды. Айта кетейік, осы сында балуандарды баптаған М.Досмоғамбетов, В.Матвиенко, С.Байжановтардың еңбегі ұшан-теңіз.



Меншік иесі:

**"Қостанай таңы" газеті
редакциясы" ЖШС**

**Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42

Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергізіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 5-57-60
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақыл жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайский Дом печати" ЖШС баспаханасы.

Мекенжайы: Майлин көшесі, 2/3.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11373. Тапсырыс 1176.

Нөмірдің кезекші редакторы: Айтоқын АЙҚАДАМОВА.